

"Қарағанды қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен алу түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді белгілеу туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 49/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 27/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4312 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 11 шілдедегі № 45/06 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 11.07.2025 № 45/06 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 49/02 "Қарағанды қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен алу түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3491 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 желтоқсанда "Индустриальная Караганда" № 184 (21935) және "Орталық Қазақстан" № 209-210 (22094) газеттерінде, 2015 жылғы 30 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" № 920 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы "Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" № 1141 қаулысына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен алу түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді белгілеу туралы" Қарағанды

қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 49/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары А.С. Молдабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласының әкімі

Н. Әубәкіров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК